Оқу жоспарында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес жалпы оқу жүктемесінің көлемі санитарлық нормасы сақталынды.

(Қосымша оқу жұмыс жоспары)

**2022-2023 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 11-24 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-37 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-28 тармақшаларына негізделініп және жалпы білім беретін пәндер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды. Көрсетілген бұйрыққа сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұны 30 қыркүйекке дейін игерілді.

2022 жылдың қазан айынан бастап ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығын басшылыққа ала отырып өзгеріске ұшыраған пәндердің пән мұғалімдері күнтізбелік тақырыптық жоспарды үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын өзгертіп қайта бекітіліп жүзеге асырылды.

**2023-2024 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 11-24 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-37 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-28 тармақшаларына негізделініп және ҚР Оқу-ағарту министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 05 шілдедегі №399 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

**2023-2024 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 11-24 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-37 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-28 тармақшаларына негізделініп және ҚР Оқу-ағарту министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 05 шілдедегі №399 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылуда.

**3. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.**

Мектепте білім алушылардың таным мәселелерін шешеуге жәнесубъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған жұмыстар 2021-2024 оқу жылдарына арналған мектепішілік тәрбие жұмысының жоспарына сай жүйелі түрде өткізілуде. 8 бағыт бойынша құрылған жоспар бойынша тәрбиелік шаралар өткізіліп, үйірмелер жұмыс жасауда. 2021-2023 оқу жылдарына ҚР БҒМ Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген.

**Тәрбие жұмысының тақырыбы:** «Тұлғаға бағдарланған жалпы адамзаттық құндылықтарды шығармашылық. ынтымақтастық үрдісі барысында дамыту және

салауатты өмір салтын ұстанатын, бойында ұлтжандылық қасиеті бар тұлғаны тәрбиелеу»

**Тәрбие жұмысының мақсаты:**Оқушының шығармашылық қабілетін ашуға қолайлы жағдай жасай отырып, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

**Міндеттері: -**Бірыңғай рухани-адамгершілік және ұлттық құндылық жүйесін құру және танымдық қызығушылығын дамыту және оны іске асыру тәсілдерін үйрету;

-Әр оқушының өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі саналы да патриоттық тәрбиелеуін жүзеге асыру;

-Салауатты өмір сүру мәдениетінің, мектеп, отбасы, қоғамдық ұйымдар іс-әрекеттерінің үйлесімділігін дамыту және адам және табиғат экологиясының маңызын түсіндіру.

Оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінеді. Ұлттық тәрбие аясында тәрбие жұмысын жоспарлауда бағдарламалар мен тұжырымдамаларға сүйенеді. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі: /Ссылкалары/:

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726;
https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
№169-VI https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319;
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890 );
https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare.
https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;
https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;
https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext

Тәрбие жұмысының оқу жылына арналған жоспары оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мектеп дәстүріне сай, күнтізбелік мерекелерді қамтып жоспарланады.

**Күтілетін нәтиже:**

- Ой-өрісі дамыған, мен патриотпын деген тұлға қалыптасады.
- Оқушылармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас орнайды.
- Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, адамгершілік тұрғысынан кемелденген тұлға қалыптасады.
- Ата-анамен жүйелі байланыс орнап, мектеп, ата-ана арасындағы байланыс нығаяды, әрі жаңашыл көзқарастар қалыптасады.

**Мектептің тәрбие қызметінің ұжымы**

| **Қызметі** | **Аты-жөні** | **Санаты** | **Білімі** | **Еңбек өтілімі** |
|---|---|---|---|---|
| Директордың тәрбие ісінің орынбасары | | | | |
| Директордың тәрбие ісінің | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| орынбасары | | | | |
| Аға тәлімгер | | | | |
| Әлеуметтік педагог | | | | |
| Педагог-психолог | | | | |
| Педагог-психолог | | | | |
| Медбике | | | | |
| Кітапханашы | | | | |
| Сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі | | | | |

***/2022-2024 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспарлары. Қосымша №1/***

**Мектебімізде сегіз бағыттар бойынша тәрбие жұмысының ұйымдастырылу, жүргізілу тәсілдері:** сынып сағаттары, ашық тәрбие сағаты, дөңгелек үстел, топтық сайыс, кездесу сағаты, пікірталас, дәріс сағаты, танымдық-шығармашылық жұмыс, зияткерлік турнир, ата-анамен жұмыс, ата-аналар және сынып жиналысы, танымжорық сағаты, тренинг, ойын жаттығулары, спорттық сайыстар, эстафеталар, тренинг, пікір-сайыс, кездесулер, сайыстар, сауалнама, дөңгелек үстел т.б іс-шаралар өткізіледі.

**Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

**Екінші бағыт– Рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:**Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген руханиадамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.




**<u>Үшінші бағыт</u> – Ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

**<u>Төртінші бағыт</u> - Отбасы тәрбиесі**

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

**<u>Бесінші бағыт</u> – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

**<u>Алтыншы бағыт</u> - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

**<u>Жетінші бағыт</u> - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

**<u>Сегізінші бағыт</u> - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**SWOD талдау**

| | |
|---|---|
| **Күшті жақтары** | -Тәрбие бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде;<br>-Ата-аналардың жалпы білім беру іс-шараларына белсене қатысуы;<br>- «Қазақ қызы» мәдени-инабаттылық институты, Ұлттық академиялық кітапхана орталығы, Ұлттық музеймен тығыз байланыс жасау нәтижесінде оқушылар ұлттық құндылықтарға қатысты мол тәжірибе жинақтауда;<br>- Ұлттық құндылықтарға арналған бағдарламасы аясындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша жоспарланған шаралар 98% орындалуы; |

| | |
|---|---|
| | -Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие және дене тәрбиесі және салауатты өмір салты тәрбиесі бағыттарының жоғары нәтижелілігі;<br>- «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмысының жүйелілігі. |
| **Әлсіз жақтары** | - Ұлттық құндылықтарды, халық педагогикасы үлгілерін сынып сағаттарында насихаттау жұмыстары көбінесе мақсатына жете бермеуі;<br>- Сынып жетекшілердің шығармашылық бағыттарды және ұлттық тәрбиені кеңінен тарату мақсатында талпыныстарының жеткіліксіздігі.<br>-Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы зор мәдени орталықтар, концерттер, мұражайлар, театрларға барудың төмендігі.<br>-Оқушылар арасында оқырмандарды қалыптастырубойынша жеткіліксіздігі. |
| **Жою жолдары** | - Ұлттық құндылықтарды, халық педагогикасы үлгілерін насихаттау жолында ата-аналар ұжымымен тығыз байланыс орнату арқылы «Ата-аналар академиясын» құру және «Әкелер» мектебінің жұмысын жандандыру;<br>- Сынып жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету және қалалық, республикалық, халықаралық шебер сыныптарына жолдама беру;<br>-Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы зор мәдени орталықтарға, концерттер, мұражайлар, театрларға барудың тиімді жолдарын шешу. |
| **Қауіптер, кедергілер** | Ата-аналардың өз жұмыс бастылығы;<br>-Ата-аналардың отбасылық құндылықтарды бала бойына сіңіруі, рухани жаңғыру негізіндегі отбасы тәрбиесінің төмендігі. |
| **Күтілетін нәтиже** | - Шығармашылық бағыт жұмыстары нәтижесінде оқушылардың бойында тіл байлығы, сөйлеу мәдениеті, ұлттық құндылықтарды дәріптеу қасиеті шыңдалады. |

**8 БАҒЫТ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСЫНА АНЫҚТАМА**

2021-2024 оқу жылдарында аталған бағыттар бойынша 1-11-сыныптардың жетекшілері, бекітілген тәрбие жоспары бойынша сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс –шараларды онлайн және офлайн форматында өткізді.

➢ «Ата Заң – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» /ҚР Конституциясына – 31 жыл/ 2-11 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/p/Ch-CmsGNCoW/?igsh=MWE5d2lodzY3MmdweA==

➢ **1 қыркүйек –Білім** күніне орай 1-11-сыныптар «Еліміздің еркіндігі-Тәуелсіздік», тақырыптарында сынып сағаттары өтті. 1-сынып жетекшілері алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге Әліппе кітабы табысталып

құшақ жая қарсы алып, алғашқы сынып сағаттарына жан-жақты дайындалып, жоғары деңгейде өткізді. Іс-шараға 520 оқушы қатысты.

https://www.instagram.com/p/Ch9qUKftidd/?igsh=c2p1bDI1eW54enlu

- 1-11-сыныптарда өткен сынып сағаттарында оқушылардың адам құқықтары туралы түсініктері кеңейіп, сондай-ақ, кәсіптік бағдар беру барысында болашақ мамандықты дұрыс таңдауда жетістікке қол жеткізетіндіктеріне, адал да әділ жолды таңдаған шақта жауапкершіліктерінің арта түсетіндіктеріне көз жеткізді.«Құқық бұзушылық, зорлық зомбылық» тақырыбында кездесу өткізілді іс шараға инспекторлар келіп патриоттық тәрбие кеңесін өткізді. Баллардың бұзақы болмауға, электронды темекіге жоламауғашақырды. Іс-шараға 120 оқушы қатысты.
- 8-11 сыныптар арасында "Жемқорлыққа жол жоқ" тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: "Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Іс-шараға 70 оқушы қатысты. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.

Сондықтан да оқушылар бойына осы бастан жемқорлыққа жол жоқтығын түсіндіру міндетіміз.

- **«Жол тәртібін сақтаймыз!»** атты жолда жүру акциясы аясында мектеп инспектор келіп оқушыларға жолда жүру ережелерін таныстырып, жол-көлік оқиғаларының алдын-алу және адам өмір қауіпсіздігі жөнінде мағлұматтар берді. Іс-шараға 350 оқушы қатысты.
- Балалар жылы аясында 2022 жылдың 22 қазанында бастауыш сынып оқушыларына арналған мектебімізде оқушылардың жол қозғалысы ережелерін сақтауға және тұрақты дағдыларын қалыптастыру мақсатында полиция лейтенанты және кіші лейтенантпен бірге "Жол тәртібін білейік ,аман-есен жүрейік" деген тақырыпта жол қозғалысы ережелерібойынша практикалық жұмыстар жүргізді,одан әрі осы тақырып аясында 1-4сынып оқушыларына сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен тәрбие сағаттары өткізілді. Іс-шараға 420 оқушы қатысты.

https://www.instagram.com/p/Cir0Blbtvlw/?igsh=MXI0cm0wNHd6YTF1MQ==

- Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай **«Қауіпсіз балалық шақ»** тақырыбында 5-7–сыныптар арасында сурет байқауы өтті. **«Бала құқығы-адам құқығы»** тақырыбындағы сынып сағаттарында құқықтық тәрбие беру арқылы жас ұрпақтың бойына адами құндылық дәнін егу. Орта буын оқушыларына мектеп инспекторы **«Өз құқығыңды білесің бе?»** атты дәрісте бала қауіпсіздігіне арналған 10 ережемен таныстырды. 9 - сынып оқушылары «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында эссе жазды.
- «Тарихты жазған, тарихта қалған тарланбоз» атты интеллектуалдық сайыс өткізілді. Смағұл Сәдуақасұлына арналған "Тарихта мәңгі өшпейтін ізі қалған" атты І - ші Қалалық мүшәйра өтті. Іс-шараға 170 оқушы қатысты.
- 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне орай «Ел тірегі – Елбасы» тақырыбында мерекелік концерт «Тәуелсіз ел ұландары», «Ел ертеңін ойлаған-Елбасы» тақырыбында сынып сағаттары өтіп, «Тәуелсіздіктің 7 қыры: Жаңғыру жолы», «Елдіктің бастауы», «Болашаққа бастар

жол», «Балалық шағымның аспаны» атты деректі фильмдер көрсетіліп, сынып сағаттарында талданды. Іс-шараға 370 оқушы қатысты.

- 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел» тақырыбында мектеп оқушылары онлайн мерекелік ән шашу ұсынды. Іс-шараға 230 оқушы қатысты.
- Сонымен қатар «Тәуелсіздік —елімнің ерлік жолы» атты сынып сағаттары мен мәнерлеп оқу өтсе, «Тәуелсіздік- елімнің шамшырағы» тақырыбында оқушылар тәуелсіздікке сурет салды. «Тәуелсіз елім -тірегім, самғауыңды тіледім!» тақырыбында бейнеролик жасап, 10 -11-сынып оқушылары құттықтау жолдады.
- Тәуелсіздік күніне жүрек жарды тілектерін 1-11- сынып оқушылары мен жас маман ұстаздар "Менің туым. Менің Отаным" атты челлендж жасады. Іс-шараға 185 оқушы қатысты.
- Сондай-ақ, 8-11 сынып оқушыларына мектеп кітапханасында «Егеменді елдігім -Тәуелсіздік теңдігім» тақырыбында кітап көрмесін кітапханашы Н. Мерзім таныстырды. Оқушылар Тәуелсіздік туралы өлеңдер оқыды. Іс-шараға 340 оқушы қатысты.

**Қорытынды:** Жоспар бойынша барлық шаралар жүйелі түрде, жоғары деңгейде өткізілді.

**Ұсыныс:** Келесі оқу жылында қалалық, облыстық әскери-патриоттық сайыстарға белсенді қатынасу арқылы, нәтижеге жету.

**Рухани-адамгершілік тәрбие**

Кеңес одағының батыр қыздары Мәншүк Маметованың 100 жылдығына және Әлия Молдағұлованың 97 жылдығына орай "Жас Сарбаз" жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы, РҚБ Астана қалалық филиалының және “Өркен" балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен, Астана қаласының "Жас Сарбаз" тәрбиеленушілерінің қыз балалары арасында, "Мерген ару" пневматикалық мылтықтан оқ ату сайысы өтті.
Бұл сайысқа Елордамыздың 4 аудан мектептері мен колледждері қатысты. Сайыс шарты бойынша, қатысушылар 10 метр қашықтықтан оқты нысанға дәл тигізуі қажет. Әрбір қатысушыға 5 рет мылтық атуға мүмкіндік берілді.
Сайыс қорытындысы:
Байқоңыр ауданы бойынша:
1-орын: Сванкулова Айгерим, №49 орта мектеп
3-орын: Рысбек Мәдина, №49 орта мектеп жүлделі орындар иеленді.
Жетекшісі: Хурметхан Сағынған
Жүлделі орынға ие болған қатысушыларға "Жас Сарбаз" киім үлгісі табысталды.
**https://www.instagram.com/p/CkBLPHWtnau/?igsh=aWo3anhiNDd3ang2**

- 14 желтоқсан күні 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне арналған «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау, сертификат табыстау жиыны қашықтықтан өткізілді.
- Жыл сайын мамыр айында дәстүрлі "Жұлдызды шеруі" өткізіледі. Ол шеруде: білім, өнер, спорт жеңімпаздары марапатталады.
- «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» (Мерекелік кеш 11 сыныптадың ұйымдастыруымен) Ұстаздық жолды таңдаған әрбір маман иесі бұл сөздің мағынасын тереңінен түсінетіні анық. Ұстазына қарап мектептің қандай екенін білуге болды. Биылғы жылдағы дәстүрлі «Ұстаздар» мерекесі әдеттегіден өзгеше деңгейде өтті. Қыркүйек айының 30 күні «Өзін-өзі басқару күні» ұйымдастырылды. Іс-шараға 220 оқушы қатысты.

https://www.instagram.com/p/CmJOzgdtrBc/?igsh=bHVhaTQ1MTdkMjJs
Алғыс айту күніне арналған Республикалық «Алтын жүрек» челленджі өткізілді.

[illegible]

30 қыркүйек күні Қарттар күніне арналған іс-шараға қамқорлық кеңесі белсене қатысты. Шақырылған карттарға концерт қойылып, сыйлықтар таратылды. Мұғалімдер күніне жиын залын безендірілді және педагог-зейнеткерлерге де сыйлықтар табыс етілді.

**Қорытынды**: рухани-адамгершілік бағыттағы шаралар жоспарға сай өткізіліп, тәрбие сағаттары мен шаралар барысында оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттер қалыптасуға ықпал етілді.

**Ұсыныс:** Рухани –адамгершілік бағытындағы шаралар санын арттыру.

**Ұлттық тәрбие**

➢ 1-11-сынып оқушыларымен 09-22 қыркүйек аралығында 5 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесіне орай **"Ана тілім - құдіретім"** атты әдеби мәнерлеп оқу сайысы өтті.

➢ 23 қараша **«Жалпыадамзаттық құндылықтар-бақытты өмір негізі»** тақырыбында жалпыреспубликалық өзін-өзі тану сағаты өткізілді. Өзін-өзі тану сағатында білім алушылармен жанымызда жүрген жақсы адамдардың үлгілі істері туралы әңгімелеп, ұлы ойшылдардың даналық сөздерінен қорытынды шығарып, бақытты өмір сүрудің негізі айналаға риясыз сүйіспеншілікпен қарап, адал болу, әрекет ету кезінде адами құндылықтарды басшылыққа алу қажеттілігі туралы түсініктерін тереңдетті.

➢ Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимін орындағанда міндетті түрде түрегеп тұрып тыңдайды. Бұл - елімізге деген зор құрмет.Әнұранның мәтінін жаттап алып, салтанатты жағдайларда қосылып айту - әрбір азаматтық парызы. Іс-шараға 300 оқушы қатысты.

➢ 25 қазан - Республика күніне орай, мектебімізде «Менің Қазақстаным» атты мерекелік концерт өткізілді. «Қазақ биі» би ансамблі, Халық әні орындалып, күй тартыс болды

"Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын.

https://www.instagram.com/p/Cj58EqUNyMX/?igsh=cmp1ZzBncmoxcjBl

 «Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі»
атты мерекелік концерт (қатысушылар 9-10 сыныптар,еріктілер)

♒♦♦□⬧💻📪📪⬧⬧⬧📬♓■⬧♦♋♑❒♋❍📬♍□❍📪□📪✍□⌛♦♌✆🖰□☝&
♓📪✍♓♑⬧♒🖫♏☝☞❍✡❄☪▤♍❍☞□♌⌘☞⌘

https://www.instagram.com/reel/Citrob2IwQx/?igshid=MDJmNzVkMjY=
3-Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында 5 сынып оқушылары «Жас Ұлан» ұйымы қатарына қосылды. kzkzkz

"Жас ұлан" - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар,гуманистік,демократиялық ұстанымдарға негізделген Қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым.

Ұйымның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық,беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.
https://www.instagram.com/p/C01wMTxtqWW/?igsh=eW82MHM2cGY4dnNv

**Қорытынды**: Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жоспарға сай шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық қасиеттер қалыптастыруға ат салысуда.
**Ұсыныс:** Ұлттық тәрбие бағытында қалалық деңгейдегі сайыстарға қатынасып, нәтижеге жету. 5-7 сыныптарында осы бағыттағы жұмыстарды күшейту.
**Отбасы тәрбиесі**. Мектепте сынып жетекшілер, қамқорлық кеңес пен ата-аналардың қызығушылықтарын жақындастыратын іс-шаралар өткізіледі, ата-аналар мен балалардың бос уақыттарын бірге өткізулерін ұйымдастырады, ата-аналар жиналыстар жүйесі арқылы ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартуды ұйымдастырады, тақырыптық және жеке кеңестер, әңгімелер, лекториялар мен педагогтарды, балаларды, ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне барлық қатысушылардың жағымды қарым-қатынасы үшін жағдай туғызады.
➢ Мектепте әр жыл соңына үздік отбасыларды марапаттау, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру сұрақтары, бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігіне байланысты, құқықтық аспектілер, отбасылық тәрбие мен құқықтық білім негіздері, жасөспірімдер мен оқушылар арасында өзіне-өзі қол жұмсау мінездің алдын алу, зиянды әдеттің алдын алу бойынша жұмыста ата-аналар мен мектептің өзара қатынасы, кәсіби бейімделу, жасөспірімдердің жас ерекшіліктері, аурулардың алдын алу бойынша әңгімелер, ҰБТ-ге дайындық бойынша сұрақтар, №78 мектеп-гимназиясының ішкі тәртібімен және Жарғысымен ата-аналарды таныстыру, бірінші сыныптардың бейімделу сұрақтары бойынша жалпы мектептік жиналыстар өткізіледі.

Жыл сайын сынып жетекшілері сыныптың әлеуметтік төлқұжатын толтырады, кейін жетім балалардың, көп балалы және аз қамтылған отбасылары балаларының тізімі анықталып, мектептің әлеуметтік төлқұжаты құрастырылады.

Ата-аналар жиналыстарынан басқа мектепте пән мұғалімдері ата-аналар үшін жеке кеңестер өткізеді. Әр ата-ана жиналысы сыныпта сынып жетекшісімен тақырыптық жиналыстар және коучингтер өткізіледі. «Отбасылық қарым-қатынас педагогикасы», «Балалардың ҰБТ дайындығында ата-ана рөлі», «Менің

отбасымның дәстүрі», «Емтихан және оның психоэмоциялық салдары». Ата-аналар жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Кеңес жұмысына қатыстырылады.

- Байқоңыр ауданы бойынша «Бақытты отбасы» жобасы аясында «Әкелер форумы- 2022ж».
- Жалпымектептік ата-аналар жиналысы. Тақырыбы: "Балаға қашықтықтан оқыту кезінде қалай көмектесуге болады? Ата-ананың пікірі:отбасылық құндылықтары мен баланың білімге зейінін ашу туралы. Жиналыс.
- Қыркүйек айының екінші аптасында Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде **«Отбасы- бақытың кілті»**атты іс-шарада отбасы тәрбиесінің мән-маңызын ашып көрсете отырып, ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау мақсатында **«Бала бақыты – жанұя»**, **«Менің отбасым – менің бақытым»** тақырыптарында сынып сағаттары мен суреттер салып, мәнерлеп оқып, бейнероликтер жасады.
- Кітап –ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» (Кітап сыйла апталығы,1-11сыныптар акциясы ұйымдастырылды.
- Отбасы-өмір аясында «Отбасылық таланттар» конкурсы өткізілді. Іс-шараға 120 оқушы қатысты. Отбасылық шығармафшылық фестивалі (1-8 сыныптар оқушы,ата-анөткізілгМектепте отбасы күніне арнайы төмендегідей іс- шаралар өткізілді:
- ОТБАСЫ күніне арналған тақырыптық стендтар мен мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды.Отбасы күніне арналған тақырыптық 1-4 сыныптарда сынып сағаттары, ойын викториналары, «Отбасы – шағын мемлекет», 5-7 сыныптарда «Отбасым - байлығым» тақырыптарында отбасылық дәстүрлер фото көрмесі, қабырға газеттері, «Отбасы бақыты – ел бақыты», «Елімнің болашағы – салауатты отбасы» атты тақырыптарында сурет және шығармалар байқауы өтті.

Отбасы тіршілік тірегі» атты тақырыпта ата – аналар қатысуымен спорттық іс – шаралар, «Толағай» атты дәстүрлі спорттық жарыстар, отбасылық эстафеталары, «Мықты отбасы – мықты мемлекет» атты дәстүрлі спорттық жарыстар, отбасылық эстафеталары ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шараға 200 оқушы қатысты.
https://www.instagram.com/p/CnjrVtNNIs3/?igsh=MWc1ejhuc2E4NHJvYQ==

Мектепте мектеп медбикесімен бірлескен «Қыз –болашақ ана» атты қыздарға ақыл-кеңес беру сағаты, 5-сыныпта «Отбасы –шағын мемлекет» атты ашық тәрбие сағаты, технология сабақтарында болашақ отбасылық өмірге дайындау мақсатында отбасына қажетті өнер түрлеріне баулу сағаттары өткізілді.
**Қорытынды:** Отбасы тәрбиесіне байланысты жоспарға сай ата-ана-аналар жиналыстары, шаралар, өз деңгейінде өтті.
**Ұсыныс:** Болашақта да ата-аналармен жұмысты белсендіру, «Ата-аналар академиясын» құруға атсалысу. Ата-аналар,
мұғалімдер

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.**

- Жас Ұлан ұйымының «Эко Әлем» бағыты бастауыш сыныптар арасында «ЕСО – әлем» тақырыбында қолданылған пластиктен пайдалы бұйымдар жасау атты іс-шара өткізді.

- «ЭКОstart» жобасы бойынша «Эко-квест». Қағаз қалдықтарды жинау акциясы өткізілді.  (5-7 сынып оқушылары, ұстаздар).
- "Мектеп оқушыларына экологиялық мәдениетті насихаттау шаралары, «ECO-tolqyn» жобасының жүзеге асырылуы" Іс-шараға 210 оқушы қатысты.Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу мақсатында, мектебімізде"1-7 сынып оқушылары арасында, сондай-ақ жаңа оқу жылының қарсаңында балалардың көшелер мен жолдар да қауіпсіз жүріс-тұрысына байланысты, олардың жүру дағдыларын нығайту мақсатында, мектебімізде құрылған жас полецияларымыз "Абайлаңыз-балалар!" атты жол белгілері туралы өздерінің артынан еріп келе жатқан оқушыларға жол белгілері туралыт мәліметтер өткізілді. https://www.instagram.com/p/C2SSc1utv4K/?igsh=MW41bWFuNmxsMGY1cA==
- 

**Қорытынды:** Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша барлық шаралар өз деңгейінде өтті.

**Оңды шешілген мәселелер**: Еңбек және экологиялық тәрбие бойынша оқушыларымыз көрмелерден қалалық деңгейде, республикалық, халықаралық деңгейінде жетістіктерге жетті.

**Ұсыныс:** Болашақта экономикалық тәрбие бағытының жұмысын жандандыру.

**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

- 15.03.2022 жылы «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих» атты тарих апталығы аясында қазақтың ұлттық ойындары бойынша 9 сыныптар аралығында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелді өткізген тарих пәні мұғалі Жолдыбай Жәнібек өткізді.
- «Қоғамдық тәртіп негіздері» Дебат ойыны  22 қазан күні Республика күніне орай пікірталас шеберлері «Алау» дебат клубы көрме пікір талас ойынын өткізді. Ойын тақырыбы "Мен өз елімнің азаматымын" дебатқа қатысушылары өз ойларын ортаға салып, пікір таластырды. **https://www.instagram.com/p/ClB2L7dtZvx/?igsh=OWpoeXN1cmRubDIy**
- 

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлы ақын, ойшыл, хакім Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ұлтымыздың рухани дүниесіндегі шоқтығы биік қайталанбас дара туындыларын дәріптеу мақсатында мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары **«АБАЙ ӘЛЕМІ»** тақырыбында ақынның өлеңдерін жатқа оқыса, **«Абайды білмек парыз ойлы жасқа...»** 5-11-сынып оқушылары Абайдың 45 қара сөзін жатқа оқыды.
- Жыл сайын наурыз мерекесіне арналған күні Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған концерттік бағдарламалар қойылды.
- Жыл сайын Балалар мен жасөспірімдер арасындағы "Шаттық-2021-23 ашық шығармашылық қалалық байқауына қатысады.
- «Ахмет-ұлт ұстазы» атты А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Ахметтанушылармен кездесу /8-9 сыныптар/ өткізілді. Кешіміздің қонақтары, Жақыпов Жантас Алтайұлы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ф.ғ.д. профессор, Еркінбай Ұлан Оралұлы А. Байтұрсынұлы білім академиясының директоры ф.ғ.д. профессор, Жексенғали Болат халықаралық "Қазақ тілі қоғамы"

ҚБ ұйымдастыру және кадр бөлімінің басшысы, тілші- маман және Елемісова Гауһар Арыстанқызы тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, тіл саясатын дамыту бөлімінің бас маманы, сондай-ақ мектебіміздің қамқорлық кеңесшісінің мүшесі.Қонақтарымыз оқушыларға көптеген мәлімет берді. Іс-шараға 320 оқушы қатысты.

- Мектебімізде 4-10 сынып оқушыларының қатысуымен READx оқырман конференциясы өтті. Шараның мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.Конференция барысында оқушылар Абай Құнанбаевтың, Мұхтар Әуезовтің шығармаларын оқып,өз ойларымен бөлісті.
- «Бір Ел. Бір кітап» акциясы аясында «Ақылы асыл, аты аңыз» Дулат Бабатайұлына арналған шара, мектеп кітапханаға топсеруен ұйымдастырылып, «Кітап-ажырамас досымыз» мектеп алды даярлық тобы мен мен 1-сыныптарға арналған сайыс сабақ өткізілді. 4-сыныптар арасында «Менің тұңғыш Президентім» тақырыбында кітапханада ашық тәрбие сағатыөте жоғары деңгейде өткізілді. Үздік оқырмандарды анықтау мақсатында «Ең үздік оқырман» сайысы оздырылды.

**Қорытынды:**Көпмәдениетті көркем эстетикалық тәрбие бойынша жоспарлы шаралар өткізілді.

**Ұсыныс:** Болашақта жоспарға жаңа идеялы тақырыптарды енгізу

**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

- **«Есірткіге –жол жоқ!»** Сынып сағаты 9-11 сыныптар арасында өткізілді.

Мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған есірткінің, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып саналыққа, салауатты өмірді таңдауға тазалыққа, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиелеу. Есірткі жайлы кеңінен мағлұмат бере отырып, Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тазалыққа, денсаулыққа, баулу болып табылады. Іс-шараға 230 оқушы қатысты.

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылына арналған 6- 11 сыныптар арасында. " Күзгі кросс" жарысы ұйымдастырылып өткізілді.
- «ABUTALIP BOXING» бокс лигасы 1 орын. Диплом. Медаль
- Қазақ күресі. 1 орын. Диплом, медаль
- Қазақ күресі. 3 орын. Диплом, медаль
- «Наурыз мейрамы» футбол турниры. Караганды қ.1 орын. диплом
-
- ГОДЗЮ-ЗЮ Каратэ. Сертификат
- Дзюдо.1-дәрежелі Дилом
- «Қазақ күресі» Диплом

- Шахмат сайысы 4 разряд.
- Футбол сайысы II-орын Медаль
- Жасөспірімдер арасында каратэ бойынша өткен жарыс I орын. Диплом Медаль Мереке Ұлар
- Солтүстік Қазақстан облысының ашық чемпионатында II ОРЫН, Медаль
- Победа" қайырымдылық турнир II ОРЫН
- «Батыл жүрек» сайысы 1 орын.
- «ASTANA OPEN IV» дәстүрлі жыл сайынғы ашық турниі 1 орын.
- «ASTANA OPEN IV» дәстүрлі жыл сайынғы ашық турниі 3 орын. Диплом Медаль
- Зендокай Будо Каратэ-до. «ASTANA OPEN»
- Киокушинкай каратэ сайысы 1 орын Диплом
- Кекушин Будокай каратэден «Қан мен тер» чемпионаты 2 орын Диплом
- Талғат Бигелдиновтың 100 жылдығына арналған республикалық турнир өтті. Бұл жарыста 29кг салмақта 3-орын, Диплом, Медаль
- №87 мектепте 2012-2014жылдар «Бала батыр» турнирі 3-орын Диплом, Медаль
- «Бала барысы» 2008-2009 жылдар арасында өтті. 46Кг салмақта Диплом,

**Қорытынды:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру ,дене тәрбиесі бағыты бойынша оқушыларымыз қалалық, республикалық, халықаралық деңгейде жетістіктерге жетуде.
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытындағы шаралар өте жоғары дәрежесінде өткізілуде.

**4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, ұлттық, отбасы, зияткерлік, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.**

Ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі мақсат – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ел мүддесін өз мүддесінен биік қоятын, адами құндылықты шет қалдырмай, ұлттық құндылықты дәріптей алатын азаматтарды тәрбиелеп, егемендігіміздің діңгегі ету.

Оқушылар мемлекеттік тілі – қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары: мемлекеттік рәміздерін білуі тиіс.

Осы негізде мектебімізде әр түрлі конкурстар мен сайыстар және т.б. іс-шаралар өткізіледі:

- Көрнекті тұлғалармен, даңқты спортшылармен, ғалымдармен, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарының білім алушылармен кездесулерін өткізіледі;
- Интеллектуалдық ойындары;
- Дебат ойыны;
- «Қыз сыны» сайысы
- «Бұрымды қыз» сайысы
- «Жігітке жеті өнерде аз» сайысы
- Сыныптағы тәрбие сағаттары;
- Тәрбие шаралары (пікірталас,тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.);
- «Зкология» сайыстары, әңгіме сағатты
- Әр түрлі «Челленджder»
- «Кітап оқимыз» /кітапхана іс-шаралары/;
- Мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- Шығармашылық жобалар қорғау;
- Қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- Мәдениет орындарына саяхат жасау;
- Үйірмелерге қатысу;
- Мерекелік іс-шаралар өткізу және т,б.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталығы мен Оқушылар Сарайларының ұйымдастырған іс-шараларына да белсене қатысуда.

**2021-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша оқушылардың аудандық, қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысу нәтижесі:**

2021-2024оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша салыстырмалы сандық ( пайыздық) көрсеткіші

| Оқу жылдары | **2021-2022** | **2022-2023** | **2023-2024** |
|---|---|---|---|
| Бала саны | 445 | 576 | 691 |
| Мектепішілік | 375 | 487 | 527 |
| Мектептен тыс | | | |
| Мектептегі қосымша біліммен қамтылған балалардың пайызы | 47% | 80 % | 92% |




Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар сіңіруге бағытталған жүйе (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

**2021-2024 оқу жылдары спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері**

| **Оқу жылдары** | **2021-2022** | **2022-2023** | **Қортынды** |
|---|---|---|---|
| **Оқушылар саны** | 1197 титул | 1197 | 1197 |
| Өткізілген іс-шаралар саны | 153 | 118 | 275 |
| Халықаралық жеңімпаздары | 4 | 5 | 7 |
| Халықаралық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі: | 3% | 3,6% | 3,2% |

**Пайыздық салыстырмалы көрсеткіш диаграммасы**




**SWOD талдау**

| | |
|---|---|
| **Мықты жақтары** | - Барлық мемлекеттік органдар, бірлестіктер, ұйымдар, мәдени орталықтармен ынтымақтаса жұмыс жасау жүйелі жолға қойылған;<br>- Мектеп оқушылары қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқауларға тұрақты қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. Ұлттық, азаматтық-патриоттық тәрбиеге көбірек көңіл бөлінуде.<br>2. Мектеп оқушылары осы бағыттағы түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысады: мектеп, аудан, қалалық, республикалық, халықаралық.<br>3. Оқушылардың азаматтық ұстанымы, құрметі қалыптасады халықтық салт-дәстүрге, елдің тарихи өткеніне құрметпен қарауға, патриоттық сезімге, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиеленеді.<br>4. Мектепте, қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау және Құқық бұзушылықты азайды.<br>5.Жол қозғалысы ережелерін сақталуда.<br>6.Балаларға зорлық-зомбылық көрсету, бала құқықтарын бұзу жағдайлары болмауға көп жұмыстар жүргізілді. |
| **Әлсіз жақтары** | - Сынып жетекшілер тарапынан тәрбиелік іс-шаралардың формасын түрлендіру жеткіліксіз дәрежеде;<br>- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын, мәдениетін арттыру бағытындағы жұмыс жетілдіруді қажет етуі;<br>- Патриоттық тәрбиеге баулу мақсатында «Жас ұлан» балалар ұйымы жұмысының жүргізілуі жеткіліксіз деңгейде. Осы бағыттағы байқауларға, жобаларға және басқа да шараларға қатысудың төмендігі;<br>-Ата-аналардың ата-аналар жиналысына келмеуі;<br>Кейбір ата-аналардың сабақтан тыс уақытта балаларына бақылауының болмауы;<br>- Білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары бойынша консультация алуға сұраныстардың санын азайту; |

| | |
|---|---|
| **Жою жолдары** | - Кемшіліктерді жою мақсатында тәжірибелі сынып жетекшілер тарапынан шебер сынып сағаттарын ұйымдастыру, өзара тәжірибе алмасу;<br>- Мемлекеттік органдар, жасөспірімдер орталығы, заң қызметкерлері, құқық қорғау өкілдерінің қатысуымен барлық сыныптарда дәріс сағаттарын, құқықтық кеңес беру жұмыстарын жолға қою;<br>- Оқушылардың «Жас ұлан» балалар ұйымы жұмысын жүргізуге деген ынта-жігерін, қызығушылығы мен белсенділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу. |
| **Күтілетін нәтиже** | - Кәмелетке толмаған жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау;<br>- Азамат ретінде өзінің құқықтық міндеттері мен мүмкіндіктерін жақсы білетін, мүддесін заң жүзінде өзі қорғай алатын тұлға тәрбиелеу;<br>- Мектеп оқушыларынан алдағы ақытта күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсайтын, туған жерін, ана тілін, елінің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрмет тұтатын, ұлтжанды азамат қалыптастыру. |

## Сабақтан тыс қызметте оқушы тұлғасының өз бетімен жүзеге асырылу жағдайы

**Сыныптан тыс жұмысы**-үйірме мен спорт секцияларына қатысатын балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту, оларға рухани мәдени бағыт беру, бос уақытын мазмұнды және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік ашылады.

Шығармашылық үйірмелер бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Оның ішінде би, бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы шығармашылық үйірмелері, театр, вокалдық үйірме, музей ісі бойынша үйірмелер, әдеби үйірмелер бар.

Секциялар мен үйірме жұмыстары сабақтарында алған танымдық дағдылары мен терең білімдерінің арттыруларына қызмет етеді, білімнің түрлі саласына терең танымдық қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді, оқушылардың кәсіби бағдарлануларына көмек береді. Олар 5-ші сыныптан ұйымдастырылады: сабақтар жоспар бойынша жүргізіледі, жоспары және мазмұны үйірме жетекшісімен анықталады.

Мектептен тыс дәстүрлі спорт шаралары, мектеп ішінде спорттың түрлі жарыстары: спорт сайыстары, денсаулық күндері, Президенттік тест, эстафеталар, оқу жылының аяқталуы бойынша спартакиада өткізіледі.

2021-2024 оқу жылындағы қосымша білім беру жүйесінің жұмысын талдай отырып, ең алдымен соңғы екі жылдағы салыстырмалы талдау жүргізе отырып, қосымша білім алған мектеп оқушыларының пайыздық үлесін қарастырайық.

Мектепте спорттан 10 секциялар жүргізіледі.

**ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ**: жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті мамандарды даярлап, олардың бойында қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, жоғары адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, үйлесімді дамыған жауапты тұлғаны қалыптастыру

және ғылымға деген құштарлықтарын оята білу.

Оқушылардың сыныптан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға, шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыру мақсатында 2021-2024 оқу жылында мектепте әр түрлі үйірмелер жасайды.

Шығармашылық үйірмелер бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Оның ішінде би, бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы шығармашылық үйірмелері, вокалдық үйірме, музей ісі бойынша үйірмелер бар.

Спорттық бағыттағы үйірмелер: Үйірме мен спорт секцияларына қатысатын балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту, оларға рухани мәдени бағыт беру, бос уақытын мазмұнды және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік ашылады._Мектепте оқушыларды қамыту 2 бағытта жүзеге асырылады: мектеп үйірмелері және секциялар, мектептен тыс жұмыстар. Мектеп оқушыларын қамту 2021-2023 оқу жылында барлық оқушылар санынан 75 % құрайды, өткен оқу жылымен салыстырғанда 4% жоғары.

Мектепте спорттан 16 секциялар жүргізіледі. (баскетбол, волейбол-ұл, қыздар, футбол, тоғызқұмалақ, шаңғы, гандбол, қазақша күрес, асық ату), оқушыларды үйірмеге қамту 57% -75% дейін өсті, өткен оқу жылдарымен салыстырғанда 20% жоғары.

Мектептен тыс дәстүрлі спорт шаралары, мектеп ішінде спорттың түрлі жарыстары: спорт сайыстары, денсаулық күндері, Президенттік тест, эстафеталар, оқу жылының аяқталуы бойынша спартакиада өткізіледі.

Секциялар мен үйірме жұмыстары сабақтарында алған танымдық дағдылары мен терең білімдерінің арттыруларына қызмет етеді, білімнің түрлі саласына терең танымдық қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді, оқушылардың кәсіби бағдарлануларына көмек береді. Сабақтар жоспар бойынша жүргізіледі, жоспары және мазмұны үйірме жетекшісімен анықталады.

Жыл сайын секциялар мен үйірмелерге қатысушы оқушылар саны арттыруда.

| № | **Үйірмелер мен секциялар/ Жетістіктер саны** | **2021-2022** | **2022-2023** | **2023-2024** | **Жетекшісі** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Би үйірмесі | 9 | 14 | - | Бекмұрат |
| 2 | Вокал үйірмесі | 12 | 15 | 5 | Изей А |
| 3 | Дебат үйірмесі | 1 | 2 | 2 | Батырбек А |
| 4 | Тоғызқұмалақ үйірмесі | 2 | 2 | 1 | Қойшыбай Б |
| 5 | «Қазақтың ұлттық ойындары» | 3 | 3 | 6 | Қойшыбай Б |
| 6 | Волейбол | 1 | 2 | 5 | Мұрат Ә |
| 7 | Баскетбол | 2 | 3 | 5 | Мұрат Ә |
| 8 | Қазақ күрес | 3 | 4 | 15 | Есенәлі Н Нугманов Р |
| 9 | Футбол | 1 | 2 | 5 | Мыкышаев Елдар |

| Оқу жылдары | **2021-2022** | **2022-2023** | **2023-2024** |
|---|---|---|---|
| Бала саны | 445 | 576 | 691 |
| Мектепішілік | 375 | 487 | 527 |
| Мектептен тыс | | | |
| Мектептегі қосымша біліммен қамтылған балалардың пайызы | 47% | 80 % | 92% |



## SWOD талдау

| | |
|---|---|
| **Мықты жақтары** | - Оқушылардың мектепішілік және мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары мен орталықтарда ұйымдастырылған үйірме, секцияларға қатысу деңгейінің жоғарылығы;<br>- Мектепішілік спорттық сайыстар мен турнирлердің жоспарға сай жүйелі түрде ұйымдастырылатындығы;<br>- Оқушылардың қалалық, республикалық, халықаралық дәрежедегі спорттық сайыстарда жүлделі орындарды иеленуі.<br>- Денсаулық сақтау ұйымдарымен профилактикалық жұмыстардың жоспарға сай жүзеге асуы;<br>- Мектеп оқушыларының жоспарлымедициналық тексерістен уақытылы өткізілуі. |
| **Әлсіз жақтары** | Мектепте бала санының екі есе артуына байланысты спорт залы мен спорттық-ойын алаңдарының жетіспеушілігі;<br>- Сынып жетекшілер мен дене тәрбие мұғалімдерінің алғашқы медициналық көмек көрсету жолындағы білімдерінің жеткіліксіздігі.<br>-Президенттік деңгейдегі тестілеуді тапсыру кезінде мектеп бітірушілер арасындағы стандарт көрсеткіштерінің төмендігі |
| **Жою жолдары** | - Сынып жетекшілермен пән мұғалімдердің алғашқы білімдерін көтеру мақсатында мектеп медбикелері тарапынан шебер сабақтар ұйымдастыру. |
| **Күтілетін нәтиже** | - Нәтижесінде салауатты өмір салтын ұстанатын, жоғары дамыған, спорт сүйгіш, еңбекқор, дені сау ұрпақ тәрбиеленеді. |

**Қортынды:** Осы үйірме жұмыстарында оқушылардың шығармашылық белсенділіктері мен дербестіктерін дамытуға жағдай жасалып, оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерінің қалыптасуының кепілі бола алады. Мектептегі үйірме жұмысының нәтижелерін өткізілетін көрмелерден байқауға болады. Мектепте балаларды халықтық өнерге баулуда, көркемдік шеберліктің тәсілдеріне үйретуде қолданбалы өнер,ісмерлік үйірмесі үлкен еңбек етуде. Үйірмелерде оқушылар өз шеберліктерін іс жүзінде қолдана алады. Асқан шеберлер көркем қолөнеріне басқаша шығармашылық көзбен қарап әдемі және де пайдалы заттарды жасай алады. Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатырмыз.

**Ұсыныстар:** - әр оқушының шығармашылық арнайы ерекшеліктерін ескеру,шығармашылық, техникалық білім мен біліктілікті одан әрі қалыптастыру.

Мектепішілік бақылау барысында тексеру нәтижелерін ескеріп педагогтар рейтингісіне өзгерістер енгізу.

Тәжірибелі сынып жетекшілер мен мамандарды шақырып, оқыту семинарларын ұйымдастыру.

Мектепішілік тәртіпті сақтау бойынша жұмыс жүйесіне мектеп белсенділерін қатыстыру (сабаққа қатысу, сырт бейне, қалып келу және т.б.)

Жалпыұлттық құндылыққа негізделген іс-шаралар мен жобалар ұйымдастыру- Кемшіліктерді жою мақсатында тәжірибелі сынып жетекшілер тарапынан шебер сынып сағаттарын ұйымдастыру, өзара тәжірибе алмасу;

Оқушылардың мектеп парламенті мен «Жас ұлан» балалар ұйымы жұмысын жүргізуге деген ынта-жігерін, қызығушылығы мен белсенділігін артыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу.

Мектеп оқушыларынан алдағы уақытта күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсайтын, туған жерін, ана тілін, елінің әдет-ғұрпын, салт-дәстүр құндылықтарын қалыптастыру.

| № | ЖОБАЛАР атауы | Жүзеге асыру мерзімі |
|---|---|---|
| 1. | «Ұлттық құндылықтар – оқушы тәрбиесінің негізі» атты жоба | 2023 – 2025 |
| 2 | «Мектептің жаны – мұғалім» | 2023 – 2025 |
| 3 | «Ата-ана академиясы» | 2023 – 2025 |
| 4 | «Оқуға құштар мектеп» | 2021-2025 |
| 5 | «Талантты балалар – ұлт болашағы» | 2023 – 2025 |
| 6 | «Бала денсаулығы – қоғам байлығы» | 2023 – 2025 |
| 7 | «Қазақтың қолөнері» | 2022-2025 |
| 8 | «Әке», «Ана», «Әже» жобалары | 2023-2025 |

***2023-2024 оқу жылына қойылатын міндеттер:***

1. «Құндылыққа бейімдеу мақсатында Отанға, туған елге, туған жерге, азаматтық-патриоттық қарым-қатынасқа, тәрбиелеу, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, оқушыларды салт-дәстүрлерді, ұлттық мәдениетті дәріптеуге, тілді білуге, халықтың рухани құндылықтарын бағалауға тәрбиелеу.
2. Мектепте оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз бастамасын білдіруге, өздігінен білім алуға ұмтылуға, тұлға аралық қарым-қатынас мәдениетін арттыруға, өздігінен білім алуға бағыттау;
3. Оқушылардың өзін-өзі басқару органдары және қоғамдық балалар қозғалысын дамыту арқылы оқушылардың бойында әлеуметтік бастамасын білдіруге, шығармашылыққа баулу, өздігінен жұмыс жасауда қолдау көрсетуді жалғастыру.
4. Осы бағыттағы жұмысқа ата-аналар қауымдастығын тарту арқылы саламатты өмір салтын насихаттау, құқық бұзушылық пен қараусыз қалудың алдын алу, әлеуметтік-қауіпті құбылыстардың алдын алу.
5.«Ата-аналар академиясын» құру;
6.Сынып жетекшілердің ӘБ жұмысын белсендіру арқылы сынып жетекшілердің кәсіби құзіреттілік деңгейін арттыру.

**5.білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)**

**2022-2023 оқу жылында** бейінді оқытуды іске асыру мақсатында 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта екі сыныптан, қоғамдық-гуманитарлық бағытта екі сыныптан қалыптасты.

10-11-сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары оқытудың қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану -математикалық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 22, 29-қосымшаларына) сәйкес жасалды.

10-11-сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары білім беру деңгейінің базалық компонентінің толық сақталуын қарастырды. 2022 жылдың 31 тамызындағы №1 педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзіреттілік» және элективті курстарға бөлінді.

10-11-сыныптарда оқудың басты ерекшеліктері білім алушының болашақ кәсіби қажеттіліктеріне және болашақ мамандықты ықтимал таңдауға сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейдегі оқу пәндерін бейімдеуге және таңдауға бағдарлануы болып табылады. Осыған байланысты, білімді кеңейтуге және тереңдетуге ықпал етумен, оқушыларды білім қажеттіліктерін қанағаттандыр мақсатында элективті курс есебінен:

11«А» сыныбы «Абайтану», «Жоғары сынып оқушыларын эссе жазуға үйрету»
11«Ә» сыныбы «Математикалық сауаттылық», «Тамаша теңсіздіктер»
1О«А» сыныбы «Абайтану», «Қазақ әдебиетініен эссе жазудың құрылымы»
1О«Ә» сыныбы «Модульдік және ироционал теңсіздіктерді шешу», «Күрделі есептерді шешу».

